



БҰЙРЫҚ

12.03.2024

Астана қаласы

№ 21

Ардагерлер кеңесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2012 маусымдағы № 237 және Астана қаласы Білім басқармасы басшысының 2023 жылғы № 2364 бұйрықтарын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Астана қаласы әкімдігінің «Кәсіптік-техникалық колледж» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының ардагерлер кеңесі келесі құрамында құрылсын:

Комиссия төрағасы:

- Садвакасов Ерсайин Абикиевич – өндірістік оқыту шебері.

Төрағаның орынбасары:

- Бимирзаева Асылкуль Жаканшаевна – тәрбиеші.

Комиссия мүшелері:

- Абдуллаев Бахыт Абдуллаевич – колледж ардагері;

- Доспаев Өміржан Теміржанович – колледж ардагері;

- Ахметов Қайырғали Әкімбекұлы – оқытушы.

2. Ардагерлер кеңесі туралы ереже 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж. Ултаракөвқа жүктелсін.

Директор

Р. Имангазина

**Астана қаласы әкімдігінің «Кәсіптік-техникалық колледжі» ШЖҚ МКК
жанындағы Ардагерлер кеңесі туралы ереже**

1. Кәсіптік-техникалық колледжі жанындағы Ардагерлер кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жаңғырту және дамыту жөніндегі кешенді шешімдерді әзірлеу үшін құрылған колледждің консультативтік-кеңесші органы болып табылады.

2. Кеңес өз қызметін еріктілік, объективтілік, парасаттылық, ашықтық, жариялылық, Кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттерінің теңдігі, Кеңес шешім қабылдаған кезде жариялылық және мөлшерлестік қағидаттарын ұстана жүзеге асырады.

3. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді және осы Ережені басшылыққа алады.

4. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) астаналық білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жаңғырту және дамыту жөніндегі кешенді шешімдерді әзірлеу кезінде кеңес беру;

2) білім беру қызметін жетілдіру мәселелері бойынша ұсынымдар енгізу;

3) білім беру саласындағы стратегияның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге жәрдемдесу;

4) жас мамандардың кәсібилігі мен моральдық-әдептілік келбетін арттыруға және тәлімгерлікті дамытуға бағытталған ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету;

5) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халықтық дәстүрлерді құрметтеуге, Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілікке және білім беру жүйесінің басқа да міндеттеріне тәрбиелеуге жәрдемдесу;

6) колледждің саясатын ақпараттық кеңістікте түсіндіру жұмыстарын жүргізуде жәрдемдесу;

7) Кеңес мүшелері білім беру ұйымдарының келісу комиссиясының, педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату жөніндегі конкурстық комиссиялардың жұмысына қатыса алады;

8) Кеңес мүшелері колледждің түрлі іс-шараларына, оның ішінде педагогтермен кездесулерге, білім алушылар үшін ұйымдастырылған конкурстар мен жарыстарға қатыса алады.

5. Кеңестің құрамы зейнеткерлік жасқа толғанға дейін білім беру саласында жұмыс істеген білім беру жүйесінің ардагерлері, оның ішінде осы салада жұмысын жалғастырған адамдар қатарынан, сондай ақ колледж кәсіподағының мүшелерінен қалыптастырылады.

6. Ардагерлер кеңесінің төрағасын оның мүшелері арасында бірінші отырыста ашық дауыс беру арқылы сайланады. Кеңес төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, Кеңес отырыстарына төрағалық етеді және оның жұмысын жоспарлайды.

7. Төраға болмаған жағдайда оның функцияларын Кеңес төрағасының орынбасары орындайды.

8. Төрағаның орынбасарын Кеңес мүшелері арасынан төрағаның ұсынуы бойынша сайланады.

9. Кеңес отырыстары тоқсанына бір рет немесе қажеттілігіне қарай өткізіледі, оларға кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысқан кезде заңды болып саналады. Кворум болған кезде кеңес отырысқа қатысып отырған Кеңес мүшелері санының жай көпшілік даусымен ашық дауыс беру жолымен шешім қабылдайды. Дауыстар тең болған кезде Кеңес отырысында төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Кеңес отырыстары қазіргі заманғы байланыс құралдарын пайдалана отырып өткізілуі мүмкін.

10. Кеңестің шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Кеңестің Төрағасы қол қояды.

11. Кеңестің қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

12. Кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

13. Кеңестің қызметі туралы ақпарат колледж интернет-ресурсында орналастырылады.

14. Кеңес өз қызметін колледж директорының шешімі бойынша тоқтатылады.

**Положение о Совете ветеранов
при ГКП на ПХВ «Профессионально-технический колледж» акимата города Астаны**

1. Совет ветеранов при Профессионально-техническом колледже (далее - Совет) является консультативно-совещательным органом колледжа, образованным для выработки комплексных решений по модернизации и развитию государственной политики в сфере образования столицы.
2. Совет осуществляет свою деятельность на принципах добровольности, объективности, добропорядочности, прозрачности, публичности, равенства прав и обязанностей членов Совета, гласности и соразмерности при принятии решений Советом.
3. Совет в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об образовании», иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан и настоящим Положением.
4. Основными задачами Совета являются:
 - 1) консультативная помощь в выработке комплексных решений по модернизации и развитию государственной политики в сфере образования столицы;
 - 2) внесение рекомендации по вопросам совершенствования деятельности образования;
 - 3) оказание содействия в достижении целей и задач стратегии сферы образования;
 - 4) обеспечение преемственности поколений, направленной на повышение профессионализма и морально-этического облика молодых специалистов и развитие наставничества;
 - 5) оказание содействия в воспитании гражданственности и патриотизма, любви к своей Родине - Республике Казахстан, уважения к государственным символам и государственному языку, почитания народных традиций, нетерпимости к любым антиконституционным и антиобщественным проявлениям и других задач системы образования;
 - 6) оказание содействия в разъяснении политики колледжа в информационном поле;
 - 7) члены Совета могут участвовать в работе согласительной комиссии колледжа, конкурсных комиссиях по назначению на должности, освобождению от должностей педагогов государственных организаций образования;
 - 8) члены Совета могут участвовать в различных мероприятиях колледжа, в том числе встреч с педагогами, в конкурсах и соревнованиях, организованных для обучающихся.
5. Состав Совета формируется из числа ветеранов системы образования, работавших в сфере образования до достижения ими пенсионного возраста, в том числе лиц, продолжающих трудиться в данной сфере, а также членов Профсоюза колледжа.
6. Председатель Совета ветеранов избирается его членами путем открытого голосования на первом заседании. Председатель Совета руководит его деятельностью, председательствует на заседаниях Совета и планирует его работу.
7. В случае отсутствия Председателя его функции выполняет – заместитель Председателя Совета.
8. Заместитель председателя избирается из числа членов Совета по предложению Председателя.
9. Заседания Совета проводятся раз в квартал или по мере необходимости, считаются правомочными при участии в них не менее половины от общего количества членов Совета. При наличии кворума Совет принимает решение простым большинством голосов от числа присутствующих на заседании членов Совета путем открытого голосования. При равенстве голосов решающим является голос председательствующего на заседании Совета. Заседания совета могут проводиться с использованием современных средств связи.
10. Решения Совета оформляются протоколом, который подписывается Председателем Совета.
11. Организационное обеспечение деятельности Совета осуществляется заместителем директора по воспитательной работе.
12. Решения Совета носят рекомендательный характер.
13. Информация о деятельности Совета размещается на интернет-ресурсе колледжа.
14. Совет прекращает свою деятельность по решению директора колледжа.